

2014 ж. 13 қаңтар, сағат 10.00

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы!

Құрметті депутаттар!

Ең алдымен, ішкі істер саласындағы жұмыс барысына назар аударып, баяндаманы тыңдауға келісім бергендеріңізге алғысымды айтамын.

Елбасының тапсырмасына орай, Ішкі істер министрлігі кешенді жұмыстар атқарды.

Бүгінгі Парламентте айтылған ойлар біздің қиын, әрі жауапты қызметімізге үлкен көмек көрсетеді деп ойлаймын.

Әуелі Ішкі істер министрлігі жүйесіндегі атқарылып жатқан істердің жағдайын нақты талқылап өтуге мүмкіндік беріп отырғандарыңызға алғысымды білдіргім келеді.

- **ІІМ жүйесін реформалау туралы.** Өздеріңізге белгілі, соңғы кезде біздің жүйеде бірқатар құрылымдық және функционалдық өзгерістер болды.

- Автокөліктерді мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу және күзет қызметі саласы бойынша бірнеше функциялар бәсекелестік ортаға берілді.

- Халықты құжаттандыру және тіркеу, сондай-ақ жылдар бойы мәселелері қордаланып қалған қылмыстық-атқару жүйесі де Әділет министрлігінен **бізге қайтарылды.**

- Қауіпсіздік Кеңесінің шешіміне сәйкес Ішкі әскерлер жоспарлы реформалаудан өтті. Ішкі әскерлер бригадалары өңірлік қолбасшылық ретінде қайта құрылды. Қазіргі таңда Алматы, Қарағанды, Өскемен және Орал қалаларында 4 дислокация бар.

Бригадалардың командалық құрамын қысқарту есебінен (238 бірлікке) Ішкі әскерлердің төменгі құрылымдары нығайтылды.

- Таяуда ІІМ-нің, Еңбек және Экономика министрліктерінің арасындағы **көші-қон саласындағы қызметтерді** қайта бөлудің нәтижесінде ІІМ-не заңсыз көші-қонға қарсы әрекет жасау қызметі қалдырылды. Сонымен қатар, біз тұрғындарды құжаттандыру және тіркеу; шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларды есепке алу әрі тіркеу; сондай-ақ, босқындар мәселесімен айналысамыз.

- Біздің екі үлкен бөлініс – **жол және патрульдік полиция** қызметтері де өткен жылы реформаланды.

Тиісті бөліністердің барлығы бірыңғай қызметке біріктірілді, ендігі жерде олар қосбірдей міндетті атқарады: қоғамдық тәртіпті күзету және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

- Біз **қылмыстарды есепке алу және тіркеуге** қатысты мемлекеттік ұстанымды түбірімен өзгерттік, мұны реформалау ісінің маңызды бөлігі деп білеміз.

Ондаған жылдар бойына полициядан қандай жолмен болсын қылмыс деңгейін төмендету әрі оларды ашу көрсеткіштерін арттыру талап етіліп келгені жасырын емес. Сондықтан статистикада айла-амалдарға жол беріліп, қылмысты жасырып қалу тәжірибесі тамыр алды, ал қарапайым азаматтардың құқықтары мен мүдделері бұзылып, ескерілмей отырды.

Бас Прокуратурамен бірлесе отырып, біз бұл бағытта ТМД-дағы өз әріптестерімізден көш ілгері тұруға мүмкіндік берген бірқатар нәтижелі шараларды қолға алдық.

Ел аумағында электрондық тіркеуді енгізу, сонымен бірге ведомстволық бақылау мен прокурорлық қадағалауды күшейту қылмыс туралы азаматтардың арыз-шағымдарын тіркеу рәсімдерін ашық етуге жол ашты.

Ал қылмыс фактілерін жасырып қалу әрекеттері үшін қатаң шаралар қолданылып, оған кінәлі қызметкерлер жазаланып, жұмыстан қуылып, қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Азаматтар тарапынан полицияға келіп түсетін өтініштер саны қазір еселеп өсті. Егер 2011 жылы 800 мыңға жуық қылмыс туралы арыз бен хабарлама қаралған болса, 2012 жылы 1,6 млн., ал өткен жылы **2 миллионнан** аса қаралды.

Бұл ретте оларды қарау жеделдігі артты. Бүгінгі күні азаматтардың арыздарының **94 %-ы 3 күндік мерзімде** қаралады.

- Бұл халықтың полицияға деген сенімінің өсіп келе жатқанының белгісі, ал екінші жағынан мемлекет елімізде **нақты қанша қылмыс жасалғанын** білуі тиіс. Бұл бізге «қағаз» түрінде емес, **нақты** түрде қылмысты қадағалауға, сондай-ақ еліміздегі криминалдық ахуалдың өзгеруіне жедел бейімделіп, тиісті шараларды жоспарлауға және әзірлеуге мүмкіндік береді.

- **Криминалдық жағдай**

Жалпы өткен жылмен салыстырғанда алдыңғы жыл криминалдық шиеленістің өсуімен ерекшеленбейді.

Аса ауыр қылмыстар саны (-15%, 2394-ке дейін), кісі өлтіру (-12%, 1118-ге дейін), тонаулар (-7%, 18,8 мыңға дейін), қарақшылық (-18%, 1358-ге дейін) **қысқарды**.

Кәмелетке толмағандар (-8%, 4,3 мыңға дейін) және қаруды қолдана отырып (-11%, 615-ке дейін) жасалған қылмыстар аз жасалды.

Жалпы қылмыстың **статистикалық өсуі** (+26%, 347,6 мыңға дейін) негізінен орташа және ауырлығы орташа қылмыстардың (**бұзақылық** (+73 %, 30 мыңға дейін) алаяқтық (+60%, 34,9 мыңға дейін) және әсіресе ұрлық (+18%, 210,1 мыңға дейін) өсуінен болды, бұл мен жаңа ғана айтқандай, қылмыстарды тіркеу саласында өзгерген саясаттың заңды салдары болып табылады.

Ұйымдасқан криминалдың қызметін, сондай-ақ **экстремистік және террористік** бағыттағы қылмыстарды анықтау және жолын кесу бағытында мақсатты жұмыстар жүргізіп келеміз.

Ұйымдасқан қылмыстық топ құру және оған басшылық ету (52), **бандитизм** (1) фактілері бойынша **53** қылмыстық іс қозғалды. Ұйымдасқан криминалдық құрылымдардың 50-ден аса жетекшісі мен 230 қатысушысы жауапкершілікке тартылып, олардан көптеген қару мен есірткі тәркіленіп алынды.

Анықтама: **Экстремистік сипаттағы** қылмыстар бойынша **28** қылмыстық іс қозғалды. Астана және Атырау қалаларында **3** террористік топ әрекетінің жолы кесілді, олардың **24** қатысушысы қамауға алынып, қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Экстремистік сипаттағы ақпараттан тұратын 11,4 мың бірлік **баспа өнімі**, 1,2 мың бірлік электрондық тасымалдағыш, 13 бірлік компьютерлік техника алынды.

Барлық жерде **көші-қон ахуалына** бақылауды күшейтудеміз, **заңсыз көші-қонды** анықтау және жолын кесу бойынша ауқымды іс-шараларды үнемі өткіземіз.

Еліміздегі еңбек көші-қонын реттеу бойынша нақты шаралар қабылданды.

Сіздердің қолдауыңызбен жақында жеке тұлғаларда жұмыс істейтін **еңбек көшіп қонушыларды** «заңдастыруға» мүмкіндік беретін Заң қабылдадық. Қазір олардың барлығына дербес еңбек патенттері берілетін болады.

Шетелдік еңбек күшін заңсыз пайдаланушы жұмыс берушілер қатаң жауапкершілікке тартылуда *(2013 жылы шетелдік еңбек күшін заңсыз тартудың 2,3 мың фактісі анықталды)*.

- **Есірткі қылмысы.** ІІМ, оған қарасты комитет үшін осы саладағы қызметтің басты бағыты ол - **ел ішінде** тасымалдау мен сату арналарын, сондай-ақ біздің еліміз арқылы ауған героинінің транзитін анықтау және жолын кесу, оның ішінде ірі есірткі тасымалдаушыларды, ұйымдасқан қылмыстық топтарды әшкерелеу бағытында жүйелі жұмыс жасау.

Бір жыл ішінде 3,2 мың (-2,7%) **есірткі қылмысы**, оның ішінде есірткі өткізудің 2 мыңға жуық (-3%) фактісі, есірткі контрабандасының жүзден астам фактісі (103, +2 есе) анықталды. Заңсыз айналымнан 23,3 тонна есірткі (-3%), оның ішінде 136,3 кг героин (+21,6%) тәркіленіп алынды.

Бүгінгі ахуал мынадай – қабылданып жатқан шараларға қарамастан шекара қызметі, кеден органдары біздің шекара арқылы өтетін есірткі ағымының жолын кесе алмай отыр. Бұл жерде, ресейлік әріптестеріміздің героинның негізгі бөлігі оларға біздің ел арқылы жеткізілетіні туралы байламдары негізсіз емес.

Осыған байланысты 2012-2016 жылдарға арналған мақсатты бағдарлама шеңберінде Үкімет көздеген (6,2 млрд.) бюджеттік қаражаттар негізінен біздің оңтүстік шекараларды есірткі трафигінен қорғауға арналған.

Халықаралық сарапшылардың пікірінше қарулы контингенттің шығарылуына байланысты **Ауғанстаннан** біздің өңірге және Еуропа елдеріне есірткі тасымалы мәселелері шиеленісуі мүмкін. Осындай сценарийге біз дайын болуымыз керек.

Есірткінің ішкі шикізат базасы болып табылатын (130 мың га – жабайы кендір алқаптары) Шу алқабы проблемасын шешу қажеттілігі туындап отыр. Өкінішке орай, біздің бұрынғы әрекеттер осы бағытта нәтижесіз болып қалды.

Құрметті депутаттар!

Елімізде есірткі бизнесін бәсеңдетудің ауқымды шараларын қабылдаумен қатар, бізге шартты түрде тиімді профилактика ұйымдастыру, нашақорларды емдеу және **есірткіге қарсы насихат жүргізу** бойынша нақты қадамдар қажет.

Бұл мәселеге нақты тоқталмайын. Бүгінгі таңдағы халықтың есірткіге тәуелділік деңгейі көңіл көншітерлік жағдайда емес екенін ғана атап өткім келеді. **Денсаулық сақтау органдарында** есепте **40** мыңнан астам есірткі тұтынушы, 3 мың әйел және 1,7 мың кәмелетке толмаған тұр.

Бірақ сарапшылардың айтуы бойынша есепте тұрған есірткі дертіне шалдыққандардың ресми статистикасы шындықтан әлдеқайда алыс.

Сондықтан біз нашақорлықтың ертеректен алдын алуын заңнамалық түрде реттеу мәселесін пысықтайтын боламыз.

Бұл жерде оқушылар мен студенттерді **міндетті не болмаса ерікті түрде тестілеуден өткізуді** енгізу туралы сөз болып отыр.

Мемлекеттік қызметшілерді, сондай-ақ қауіптілік деңгейі жоғары мамандықтар бойынша жұмысшыларды жұмысқа қабылдау кезінде міндетті тестілеуді енгізу мәселесі тиімді болмақ.

Есірткіге тәуелді адамдарды **емдеу және оңалту** жүйесіне келер болсақ, бұл жүйе **тиімсіз** әрі дамымай келеді.

Сол бір наркологиялық мекемелерде (30) қазір есірткіге және алкоголизмге шалдыққандар да емделуде.

Бұл маскүнемдер мен нашақорларды мәжбүрлеп емдеуге арналған 9 мамандандырылған наркологиялық аурухана және өз еркімен емделуге арналған қарапайым ауруханалардағы 20 наркологиялық бөлімше.

Сондықтан медициналық-әлеуметтік оңтайландырудың арнайы орталықтарын тек есірткіге тәуелді адамдар үшін құру қажеттілігі туындады.

- **Жасөспірім қылмысы.**

Өткен жылы кәмелетке толмағандардың криминалдық белсенділігі біраз төмендеді. Олар 4 мыңға жуық қылмыс жасаған (-8%). Жасөспірім қылмысының үлесі 4,7%-ге дейін қысқарды (2012 жылы – 6%).

Сонымен қатар, жасөспірімдер жасаған қылмыстар қатарында 1 мыңнан астамы ауыр (1065) және аса ауыр (82) қылмыстар санатына жататыны елеулі алаңдатушылық тудырады. Бұл сондай-ақ, кісі өлтіру (48), қарақшылық (107), тонаулар (829).

Кәмелетке толмаған қылмыскерлердің **жартысына жуығы** – бұл мектеп, лицей, гимназия оқушылары. Сондықтан біз жасөспірімдермен және жастармен профилактикалық жұмыстың едәуір өнімді нысаны болып табылатын **«мектеп» инспекторлары (1783 бірл.)** институтын дамыту ісіне күш салудамыз, олар құқықтық түсіндіру жұмысын жүргізуде, есірткі, порнография таратуды анықтайды және оның жолын кеседі, ұрлық пен жасөспірімдер арасындағы төбелестерді болдырмайды.

«Мектеп» инспекторларын әрбір қалалық және ірі ауылдық мектептерде (300 оқушыға дейін) енгізу туралы келісілген шешім қабылданды. Бүгін де барлығы 1783 «мектеп» инспекторы бар, қосымша **1600 қызметкер** қажет болып тұр.

Бұл проблеманы біз өңір әкімдерімен бірлесе шешудеміз.

Осы саладағы **тағы бір проблема** – бұл кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға арналған **арнайы мектептердің** жетіспеушілігі.

Білім және ғылым министрлігінің қарамағында девиантты мінез-құлықты балаларға арналған 870 орындық небәрі 8 арнайы мектеп (Алматы қаласы, Маңғыстау, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар облыстары, ШҚО және ОҚО) қана бар. Осы арнайы мектептердің желісі ұзақ жылдар бойы іс жүзінде дамымаған.

Ал қылмыстық жауапкершілікке тарту жасына жетпеген кәмелетке толмаған қылмыскерлерді оқшаулауға бүгінгі күні мүмкіндігіміз жоқ болып отыр.

Жоғарыда айтып кеткендей, жасөспірімдер мыңнан аса ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған, оның ішінде 48 – кісі өлтіру қылмысы.

Мысалы, Қарағандыда өткен жылдың маусым айында үш оқушы қыз бала (алтыншы және бесінші сынып) қуыршақ үшін екінші сынып оқушысын өлтірген.

Басқа да мысалдар бар.

Осындай санаттағы жасөспірімдер бостандықта сол қылмыс жасаған жерінде тұрып жатады, ал ол жәбірленушілер мен айналадағы басқаларының теріс әрекетін тудырады.

Тараз қаласындағы ерекше режимде ұстау республикалық арнайы мектебінің (150 төсек-орындық) жабылғанына үш жыл болды.

Бүгінгі күні **Шығыс Қазақстан облысында** (50 төсек-орынға арналған, Глубокое ауданы Белоусовка кенті) өз өңірінің балаларын ғана қабылдайтын ерекше ұстау режиміндегі тек бір мектеп бар.

- **Қоғамдық тәртіпті сақтау. Профилактика.**

Біз күнделікті көше қылмысына қарсы күрес, қоғамдық орындарда, азаматтар жаппай жиналатын орындарда және қоғамдық көлікте құқықтық тәртіпті сақтау бойынша айтарлықтай күш-жігер жұмсаймыз.

Полицияда барлық келіп түскен дабылдардың тіркелуі нәтижесінде біз көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда жасалған қылмыстар ауқымының шынайы жағдайын біліп отырамыз.

Бір жыл ішінде **114,3 мың** қылмыс (+16%), ұрлықтың 60% астамы, шамамен ұрлықтың жартысы (46%), 30% астам қарақшылық шабуыл тіркелді.

Мемлекет басшысының «**мүлдем төзбеушілік**» қағидатын енгізу туралы тапсырмасын негізге ала отырып, біз көшелер мен басқа да қоғамдық орындарда тәртіпке келтіру бойынша жұмысты жандандырдық. Ұсақ құқық бұзушылықтар көптеп анықталып, олардың жолы кесіле бастағанын байқадық. Олардың саны үш есеге (2,6 млн. дейін) өсіп, құқық бұзушыларға шамамен **17 млрд.** теңге айыппұл салынды (10 млрд. теңге өндіріліп алынды).

- Қоғамдық қауіпсіздікті нығайту үшін Министрлік қоғамдық тәртіпті сақтау тетігін жетілдіруде.

Жылдың соңында барлық облыс орталықтарында және ірі қалаларда жол-патрульдік полициясының **біріктірілген бөлінісі** қызметке кірісті. Мәні бойынша бұл бірыңғай қызмет, ол жолдарда да, көшелерде де құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің мүлдем жаңа нысаны мен әдіс-тәсілін қолданады.

- Қоғамдық тәртіпті сақтаудың бұл саласына **жаңа технологиялар**, бейнебақылау құралдары мен ақпараттық қамтамасыз ету енгізілуде.

- Көшелерде, адамдар көп жүретін орындарда, аулаларда (*«Қауіпсіз аула» жобасы*) 2,7 мың **бейнебақылау** қондырғысы (*Астана – 694, Алматы – 156*) жұмыс істейді. Олардың көмегімен шамамен 290 мың құқық бұзушылық анықталып, 1,7 мыңнан астам қылмыс ашылды.

Біз бұл жерде өңірлердің әкімдерімен бірлесе жұмыс атқарамыз. Мысалы, Астана қаласында **ЭКСПО-2017** көрмесіне дайындық және оны өткізу шеңберінде 2,5 мың бейнебақылау камерасын қосымша орнату жоспарлануда.

Қызметкерлерді **бейнетіркегіштермен** қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдап жатырмыз. Өткен жылдан бастап арнайы бөліністердің арнайы операцияларға қатысатын әрбір жауынгерін жарақтаудамыз.

Ағымдағы жылы көшедегі және қоғамдық орындарда қызмет атқаратын әрбір полицейді қамтамасыз етуге мақсат қойып отырмыз. Бұл құқық бұзушылықтың жолын кесуде дәлелдеу базасын күшейтуге, сондай-ақ осыған байланысты шиеліністі жағдайды шешуге мүмкіндік береді.

- Қала көшелерінде тәулік бойы қызмет өткеретін полицияның кешенді күштерін басқару үшін әрбір облыс орталығында **ЖБО** жұмыс істейді. Оларды 10 жыл бойы құрдық.

ЖБО апробацияланды, олар, шынында да, қоғамдық тәртіпті тәулік бойы сақтауға қатысатын біздің барлық күштеріміз бен құралдарымыздың үйлестірушілері ретінде қажет.

Біз қазір оларды шағын қалаларда да құруды мақсат етіп қойып отырмыз. Өткен жылдың қарашасында Жаңаөзен қаласында ЖБО салынып, пайдалануға берілді.

Рудный, Щучье, Семей және Хромтау қалаларында ЖБО құрылысы аяқталды. Ағымдағы жылы оларды техникалық жарақтау бойынша жұмыс істейтін боламыз (*РБК сомасы 2,3 млрд. теңге шығыстарды қолдады*).

- Қылмысқа қарсы күресте **профилактика** негізгі бағыт болуы тиіс. Ол үшін бізде тиісті заңнамалық база (*«Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» (2004 жыл), «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» (2009 жыл), «Құқықбұзушылық профилактикасы туралы» (2010 жыл) заңдар*) бар, құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі **Үкіметтік және өңірлік комиссия** жұмыс істейді.

Әрине, мемлекеттік қаражатты қылмысты ашуға және сотталғандарды ұстауға емес, оның профилактикасына бағыттау және жұмсау дұрыс болады.

Алайда бүгінгі таңда профилактикаға барлық қоғамның – құқық қорғау құрылымдарының, орталық және жергілікті атқару органдарының, шаруашылық субъектілерінің, қоғамдық ұйымдардың және халықтың әлеуеті жұмылдырылмаған.

- Қазіргі уақытта елдегі профилактика бойынша негізгі жүктеме полицияға, ең алдымен учаскелік инспекторларға, кәмелетке толмағандар істері бойынша бөліністерге, «мектептегі инспекторларға», жол-патрульдік полициясына және басқа қызметтерге артылуда.

- Тұрмыстық және рецидивті қылмысқа, маскүнемдікке, алкоголизмге және нашақорлыққа, көше қылмыстарына қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған профилактикадағы **негізгі адам** біздің учаскелік полицейлер болып табылады.

Бүгінгі таңда олардың жүктемесі өте көп, учаскелік полиция инспекторларының және олардың көмекшілерінің саны нормативтік санға дейін келтірілмеген.

Осы қызметті материалдық-техникалық жарақтау үшін көп жұмыс жасау қажет, учаскелік инспекторлардың жұмыс орны болып табылатын учаскелік полиция пункттері жетіспейді, олардың көбі көлікке, байланыс құралдарына мұқтаж.

(Тиесілік нормасына дейін қосымша 1740 бірлік учаскелік полиция инспекторы, сондай-ақ 3752 бірлік олардың көмекшілері қажет.

Қосымша 419 учаскелік полиция пункті қажет, 1162 УПП жөндеу қажет.

УПП үшін 1713 қызметтік автомашина, 1750 байланыс құралы қажет.

2381 учаскелік инспектор тұрғын үйге мұқтаж).

Адамдар учаскелік полицейге тәуліктің кез-келген уақытында жүгіну мүмкіндігіне ие болуы үшін, оның бір учаскеде тұруын және қызмет етуін біріктіру идеясы іске асырылмай қалуда.

Бұл және басқа да профилактика проблемаларын біз жергілікті атқарушы органдар қарауына енгіземіз, Үкіметтік ведомствоаралық комиссияда, Бас прокуратура жанындағы Үйлестіру Кеңесінде және басқа да инстанцияларда талқылаймыз. Бұл бағыттағы жұмысты үнемі бақылауда ұстаймыз.

• Жол қауіпсіздігі

Өкінішке орай еліміздегі апаттылық ауқымы жоғары болып қалуда.

Өткен жылда 20,3 мың жол-көлік оқиғасы (+61%) **тіркелді**, онда 2793 адам (+1,6%) қайтыс болды және 26,1 мыңнан астам адам (+69%) жарақат алды.

Өткен жылы бұл проблема Мемлекет басшысы және Үкімет назарында болғаны кездейсоқ емес.

2012-2014 жылдарға арналған салалық Үкіметтік бағдарламаны іске асыру шеңберінде өткен жылы «Жол қозғалысы туралы» Заң жобасы әзірленді. Оны қарау кезінде депутаттар тарапынан 500 түзетулер енгізілді, олар заң жобасының сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

(жүк тасымалдайтын автобустар мен автомашиналарды апат кезінде «Эра-Глонасс» жедел шақыру жүйесімен жабдықтау, агрессивті түрде жүргізгені үшін жауапкершілік енгізу, мас күйде жүргізгені үшін санкцияны күшейту, ҰҚК, ҚМ автокөлікті тіркеу құзыретін беру және т.б.)

Осыған орай, **құрметті депутаттар**, біздің «Жол қозғалысы туралы» заң жобамызға қолдау көрсеткендеріңіз үшін Сіздерге ризашылығымды білдіремін. Аталған заң жобасы бұл саладағы мүдделі мемлекеттік органдардың барлығының қызметін үйлестіруді күшейтіп, жол-көлік желілерінің барынша қауіпсіз қызмет етуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ЖҚЕ бұзушылықты фото- және бейне тіркеудің автоматты жүйелер желісі кеңейтілуде *(барлығы 465 стационарлық жүйе)*, сондай-ақ жол қозғалысын автоматты сандық бақылау жүйесі енгізілуде *(«Көше қиылысы» зияткерлік жүйесі – 25 бірлік)*.

Жол қозғалысына қатысушыларға басқа да кешенді, оның ішінде қатаң әкімшілік шаралар қабылдануда.

Өткен жылдан бастап Елбасының тапсырмасы бойынша ІІМ КҚМ бірлесіп азаматтарға жүргізушілер куәлігін; автокөлік құралдарын тіркеу және қайта тіркеу және нөмірлік белгілерін беретін Арнайы қызмет көрсету орталықтарын құруға кірісті.

Өткен жылы Астанада, Алматыда, Ақтауда және Қарағандыда 4 Арнайы қызмет көрсету орталықтары салынды.

Бүгінгі күні олар көлікті тіркеу және жүргізуші куәлігін беру бойынша 215 мыңнан аса **мемлекеттік қызмет** көрсетті (Астанада -8692, Алматыда -154995, Ақтауда -19114, Қарағандыда - 32759)

Бірқатар қызметтерді арнайы ҚҚО-на беру және мүдделі мемлекеттік органдармен ақпараттық жүйені интеграциялау мемлекеттік қызмет көрсетудің уақытын 6-дан 2 сағатқа дейін қысқартуға мүмкіндік берді.

Бұл пилоттық жобаның оң тәжірибесін ескере отырып, Үкімет Көлік және коммуникация министрлігіне және Әкімдіктерге барлық облыс орталықтарында арнайы қызмет көрсету орталықтарын салу бойынша тапсырма берді.

2014-2016 жылдары республикалық бюджетте осы жылы арнайы қызмет көрсету орталықтарын Қызылорда, Павлодар, Петропавловск, Талдықорған және 2015 жылы Ақтөбе, Атырау, Көкшетау, Қостанай, Орал, Өскемен, Шымкент қалаларында салуға ақшалай қаражат көзделген.

Бүгінгі таңда ЖКО-ның 90% астамы жүргізушілер кінәсінен жасалуда (18501, +69%) – жылдамдық режимін, айналып өту ережесін бұзуда, көбінесе автокөлікті мас күйде басқару фактілері. Өткен жылы 42,8 мың «мас» жүргізуші ұсталды және жазаланды, олардың 5,3 мыңнан астамы әкімшілік қамауға алынды.

- Әрине, барлығы жол полициясы жұмысына байланысты емес, бұл жерде басқа да факторлар жеткілікті.

Елдегі **автопарк 4 млн.** бірлікке жетті. Оның өсу қарқыны көше-жол желісінің даму қарқынынан едәуір артық. Көптеген автожолдар техникалық талаптарға сай келмейді. Бұл проблемалар орталық және жергілікті атқарушы органдары деңгейінде шешілуде.

- **Қылмыстық-атқару жүйесіндегі** мәселелерді айналып өте алмаймын. Бүгінгі таңда ІІМ жүйесіндегі оның қалыптасу кезеңі сәтті аяқталды.

Шын мәнінде, біз бақылау қызметін жандандырып, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қол жеткіздік, соның арқасында мекеме әкімшілігіне топ болып бағынбау, жаппай дене мүшелеріне зақым келтіру тыйылып, рұқсат етілмеген құралдардың колонияларға кіргізілу ағыны азайды.

(2013 ж. ішінде 34,9 келі есірткі заттары, 3,4 мың литр спирттік ішімдік, 4,5 мың дана ұялы телефон, сомасы 4 млн. теңгеден астам ақша тәркіленді)

Ұйымдастыру, сондай-ақ мақсатты түрде жүргізілген жедел әрі тәртіптік шаралар нәтижесінде экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталғандардың колонияларда қылмыстық топқа тұтасу жағдайлары жойылды.

(ҚАЖ мекемелеріндегі 26 мешіт, 12 шіркеу және ғибадат бөлмелері кітапхана, тәрбие жұмыстарына арналған бөлмелер, тұрмыстық, қосалқы және өзге де бөлмелер секілді әлеуметтік маңызы бар объектілерге сәйкес қайта жарақтандырылды)

• Қазір министрлік бұл салада келесідей басым бағыттар бойынша жұмысын жалғастыруды жоспарлап отыр:

Бірінші. Түзеу мекемелеріндегі бұл реформа сотталғандарды ұжымдық ұстау жағдайларын тыйып, топтықтан **жеке камераларда бөліп ұстауға** көшуге бағытталған. Қазіргі кезде бар болғаны **мұндай 8 мекеме бар** (5,5 мың адам).

(37 мың адам үшін қосымша осындай 25 мекеме тұрғызу қажет. Құны – 300 млрд. теңге, бір типтік мекеменің құны – шамамен 12 млрд. теңге)

Екінші. Бөлек-бөлек камераларда ұстауға көшу көп қаражатты қажет етеді.

Қолданыстағыларын қалпына келтіру өз алдына, ұстау жағдайлары әлемдік стандарттарға сай келетін жаңа колониялар мен тергеу изоляторларын салу қажеттігі туындап отыр.

Мемлекеттің ғана күшімен жуық арада бұл мәселені шеше алмаймыз. Сондықтан жаңа типтегі колонияларды мемлекеттік-жеке меншік әріптестік ұстанымдары шеңберінде салу жоспарлануда.

Қазіргі таңда елдің бес климаттық аумағына сәйкес 1,5 мың орынды камера бойынша ұстауға арналған колонияның **типтік жобасы** әзірленді.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік ұстанымдары негізінде бірінші колонияны біз Қарағанды облысында тұрғызбақпыз. Онда Әкімшілік жер телімін бөліп, Үкімет үстіміздегі жылға бұл жобаны жергілікті жерге бекіту үшін қаражат бөліп қойды.

Үшінші. Колонияларда сотталғандарды **еңбекпен қамту** және кәсіби дайындық үшін жағдай туғызу.

Бұл жерде колониялардың ел экономикасына қосар үлесі туралы сөз болып отырған жоқ. Ол уақыттар артта қалған. Бүгінгі колониялар – қаржылық тұрғыда мемлекетке жүк.

Бүгінгі күні колониялардағы **24 мың** еңбекке жарамды адамның жартысынан сәл көбі (52 %) ғана жұмыс жасайды, бұл – 12,5 мың сотталғандар.

Сондықтан біз өндірістік қызметті дамытуға, қылмыстық-атқару жүйесінің өзінің қажеттілігін қамтамасыз ету үшін өз өндірісін, ауылшаруашылығы өнімдері өндірісін кеңейтуге, сондай-ақ, бастапқы кәсіби білім беру мен сотталғандардың кәсіби дайындықтарын жетілдіруге мәжбүрміз.

Колония жағдайларында біз 50-ге тарта сұранысқа ие мамандықтарға үйретеміз (ұста, сылақшы, сантехник, электр және газ дәнекерлеушісі, фрезерші, тігінші, наубайшы, аспаз, кең бейінді құрылысшы және т.б.). Тек өткен жылдың өзінде 5 мыңға тарта сотталушы түрлі мамандық иесі атанды.

Төртінші. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес барлық құқық қорғау жүйесінің қызметі, сот практикасы сотталушылар санын азайтуға бағытталуы тиіс.

Қазақстан **қамауға алынғандардың саны** жағынан әлем елдерінің алдыңғы қатарында келеді.

Қазақстан қазір **35 орында**, біз бұл көшбасындағы көрсеткіштер қатарынан шығуымыз керек.

Қылмыстық, Қылмыстық-процессуалдық кодекс жобаларындағы ұсыныстар (*бас бостандығынан айыруға қатысы жоқ жазаларды арттыру, медиацияны кең көлемде қолдану және т.б.*) колонияларда отырған тұлғалардың санын азайтуға мүмкіндік береді деп ойлаймын. Ал олардың саны қазірдің өзінде **49 мың адамға** жетті.

Сондықтан біздерге жақын уақыттарда қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметін белсенді түрде дамыту қажет.

Бүгінгі күні **7 мың** шартты-сотталғандар **пробациялық бақылауда**. Жаңа қылмыстық-атқару кодексін енгізуге байланысты бұл бақылауға басқа сотталғандардың 3-4 санаты қосымша енгізілді (бостандығынан шектеуге сотталғандар – 15 мың және шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар - 4 мың, сондай-ақ сот әкімшілік қадағалау бекіткен тұлғалар) және пробация қызметімен бақылауға алынған сотталғандардың саны 50 мың адамға дейін артады.

(пробация қызметінің штаты – 1358 қызметкер, қоғамнан оқшалаусыз бостандығынан шектеу сотталғандарға бақылау үшін электрондық браслеттерді (бақылау құралдары) қолдану көзделген.

Және соңғысы. Қылмыстық-атқару жүйесі қазіргі уақытта кәсіби, білікті кадрларға мұқтаж болып тұр.

Осы жүйедегі қызмет те, сондай-ақ оның қызметкерлерінің жалақысы да жоғары деп есептелмейді. ҚАЖ жеке құрамының

біліктілігін, кәсіби даярлығын арттыру және ғылыми зерттеуді қамтамасыз ету елеулі жетілдіруді қажет етеді. (ҚАЖ-дің жалпы штаттық саны – 15936 бірлік, оның ішінде 9600 - бірлік аттестацияланған құрам және 6200 астам бірлік еркін жалданған құрам).

- Көрсетілген барлық бағыттар бойынша іс-шаралар 2012-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару жүйесін дамыту Үкіметтік Бағдарламасында көзделген, оның шеңберінде бірқатар жобалар мен іс-шаралар жүзеге асырылды.

(Бағдарлама бюджеті - 21,9 млрд. теңге, 2012ж. – 7,4 млрд. теңге, 2013ж. – 810 млн. теңге, 2014ж. – 38,2 млн. теңге; 2015ж. – 13,6 млрд. теңге)

• Министрліктің заңнамалық қызметі.

Құрметті депутаттар!

Сіздерге біздің заңнамалық бастамаларымызды жан-жақты қолдағандарыңызға, заң жобаларын әзірлеу, сондай-ақ Парламентте қарау барысындағы бірлескен жұмыс үшін үлкен алғысымды білдіремін.

Өткен жылы **біз әзірлеген 8 Заң қабылданды**. Олар Ішкі әскерлер мәселелері, жеке басты куәландыратын құжаттар, дербес деректер туралы, адамды саудаға салуға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ халықаралық келісімдер мен келісімшарттарды ратификациялауды көздейтін Заңдар.

- «Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (15.01.13ж.);

- «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» және «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (29.01.13ж.);

- «Дербес деректер туралы» и «Дербес деректер туралы кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (21.05.13ж.);

- «Порнографиялық басылымдар айналысының және оларды саудалаудың жолын кесу туралы халықаралық конвенцияны ратификациялау туралы» (21.05.13ж.);

- «Адамды саудаға салуға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (04.07.13ж.);

- «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің адамдарды мемлекетаралық іздестіру туралы шартын ратификациялау туралы» (16.10.13ж.)

- Қазіргі уақытта біздің **«Жол қозғалысы туралы»** және **«Ішкі істер органдары туралы (жаңа редакциясы)»** заң жобаларымыз (Парламент Мәжілісі пленарлық отырысының бірінші оқылымында мақұлданды) және Қылмыстық-атқару кодексі жаңа редакциясының жобасы Парламенттің қарауында.

- Қазіргі уақытта Парламенттің қарауында жатқан **Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу кодекстерінің** жаңа редакцияларын әзірлеуге ІІМ барынша белсенді атсалысты.

Оларды қабылдау қылмыстық сот өндірісіне, сондай-ақ біздің тергеушілердің, алдын ала тергеушілердің, жедел жұмысшылардың іс жүргізу қызметтеріне маңызды өзгерістер енгізеді. Алдын ала сот өндірісі күшін жояды, бірқатар новеллалар енгізіледі.

- Ағымдағы жылда біз Үкіметтің 2014-2015 жылдарға арналған заңжобалық жұмыстар Жоспарына сәйкес **«Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы»** Заң жобасы бойынша жұмыстар жүргіземіз.

• Құрметті депутаттар!

Белгіленген уақыт шеңберінде мен министрлік қызметінің тек басты бағыттарына ғана тоқталып өттім.

Біз бірлескен жұмысқа әрдайым ашықпыз. Біздің жұмысымыздың тиімділігін арттыруға ықпал ететін конструктивті сынға түсінушілікпен қараймыз және әрі қарай жан-жақты ынтымақтастығымыз арта түседі деп үміттенеміз.

Біз үшін Парламенттің ішкі істер органдарының қызметі саласында орын алып жатқан барлық оқиғалар туралы хабардар болуы аса маңызды.

Құрметті депутаттар!

Назарларыңызға рахмет, сұрақтарыңыз болса, жауап беруге дайынмын.